

2006 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау және оларды жұмыспен қамтылуына және әлеуметтік қорғалуына көмек көрсету шаралары туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 23-6-28қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2006 жылғы 17 ақпанда N 432 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы Әкімдігінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 23-9қ қаулысымен

Ескерту: Қаулының күші жойылды - Астана қаласы Әкімдігінің 2007 жылғы 5 қаңтардағы N 23-9қ қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтары болып мына санаттар анықталсын:
 - 1) аз қамтылғандар;
 - 2) 21 жасқа дейінгі жастар;
 - 3) балалар-үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған 23 жасқа дейінгі балалар;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп балалы ата-аналар;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдары бар азаматтар;
 - 6) жасы бойынша зейнеткерлікке шығуға (екі жыл қалған зейнеткерлік жасына дейінгі) тұлғалар;
 - 7) мүгедектер;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
 - 10) оралмандар.
2. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент):
 - 1) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарды уақытша жұмыспен қамтуды және кәсіби даярлауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын;
 - 2) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуына көмек көрсетуді қамтамасыз етсін;

3) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Жұмыс берушілер:

1) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың жұмысқа орналасуына көмек көрсетсін;

2) ұйымның таратылуына, адам санының немесе штаттың қысқартылуына байланысты алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыстан босайтыны, босатылатын қызметкерлердің қызметтері мен кәсіптері, мамандықтары, біліктілігі және еңбекақы мөлшері көрсетіле отырып, босатылуы мүмкін қызметкерлердің саны мен санаттары және олар босатылатын мерзімдер туралы жұмыстан босату басталардан кемінде бір ай бұрын Департаментке толық көлемде ақпарат берсін;

3) Департаментке бос жұмыс орындары (бос лауазымдар) пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олар туралы мәлімет жіберсін;

4) Департамент берген жолдамаға тиісті белгі қою арқылы жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, ол туралы дер кезінде (департамент оған азаматтарды жіберген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде) хабарласын.

4. Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 3-1-1941қ "2005 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау және олардың жұмыспен қамтылуына және әлеуметтік қорғалуына көмек көрсету шаралары туралы" қаулысының (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 30 желтоқсанда N 369 болып тіркелген, 2005 жылғы 22 қаңтардағы N 10-11 "Астана хабары" және 2005 жылғы 18 қаңтардағы N 7 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С.Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкімнің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

*"Астана қаласының Қаржы
департаменті" мемлекеттік*

мекемесінің директоры

Құжаттамалық сараптама

бөлімінің меңгерушісі

*"Астана қаласының Жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар департаменті"
мемлекеттік мекемесінің*

директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК